



«Бекітемін»  
«Алакай»  
балабақшасының  
меңгерушісі  
И.К. Байсултанова

## Ата-анамен өткізілетін жұмыс жоспары 2024-2025 оқу жылы

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарлату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аналар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарлату.

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты
1	«Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары»	Жалпы ата-аналар жиналысы	қыркүйек	Барлық топтар Ата-аналар
2	«Күз сыйы»	Күзгі көрме	қазан	Барлық топтар Ата-аналар
3	«Шынықсаң шымыр боларсың»	Спорттық сайыс	қараша	Барлық топтар Ата-аналар
4	«Балалар қандай әдеби ертегі кітаптар қарау керек»	Ертегі оқу сағаты	желтоқсан	Барлық топтар Ата-аналар
5	«Қыс қызығы»	Ойындар арқылы	қаңтар	Барлық топтар Ата-аналар
6	«Кітап біздің досымыз»	Кітапты көңілді таныстыру	ақпан	Барлық топтар Ата-аналар
7	«Салт дәстүрді сақтаймыз»	Ұлттық дәстүрлер апталығы	наурыз	Барлық топтар Ата-аналар
8	Ауылым алтын бесігім		сәуір	Барлық топтар Ата-аналар
9	«Достығымыз жарасқан»	Ертеңгілік өткізу	мамыр	Барлық топтар Ата-аналар

## «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары»

### Мақсаты:

Бала тәрбиесі мен дамуына педагог пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігін арттыру, өзара ынтымақтастықты нығайту. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру арқылы тәрбие мен білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру және балаға қолдау көрсетудің тиімді жолдарын насихаттау.



## «Күз сыйы»

### Мақсаты:

Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, жеміс-жидек пен көкөністерден және табиғи материалдардан шығармашылық жұмыстар жасау арқылы қиялын, эстетикалық талғамын дамыту. Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру.



## «Шынықсаң шымыр боларсың»

### Мақсаты:

Балалардың денсаулығын нығайту, дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіріп, ептілікке, төзімділікке, шапшаңдыққа баулу және денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

